

*Ғылыми-әдістемелік журнал
Научно-методический журнал*

2 (3) 2006



**АКТӨБЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
Х А Б А Р Ш Ы С Ы**

**В Е С Т Н И К
АКТЮБИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА**

М. Арынның ұлттану жайындағы педагогикалық мұрасы

З.Е. Жұмабаева

(Павлодар)

Жалпы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болашақ ұрпақтың жетілуіне негіз қалау міндеті педагогиканың құзырына ешқашан кеткен емес. Психологиялық, педагогикалық, әдіснамалық зерттеулер нәтижелері ұлт мәдениетінің мүмкіндіктері мол екенін дәлелдейді. Тіл, дін, атамекен, тарих және дәстүрді болашақ ұрпақ ұлттық білім негіздері ролінде неғұрлым кеңірек меңгеріп, өмір туралы түсініктерін жетілдіріп, еңбекке деген сүйіспеншілік көзқарастарын ауқымды қалыптастыра алса, солғұрлым ұлттық білім адамның рухани сипатын толықтырады, моральдық және рухани құндылықтармен қорландырады, жеке

тұлғаның мәдени ортада мәртебесін биіктетіп, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін тұлға ретінде тани білуіне негіз болады.

Оқыту стандартына кіргізілген бағдарламаларда рухани құндылықтармен таныстыру, халықтың мұрасы туралы мәлімет беру, адамгершілікті қалыптастыру, рухтаңдыру, білім мазмұнының құрамындағы ұлттану компоненттері арқылы әрі оқуға, әрі дамуға ынталандыру, өз халқының құндылығын қастерлеуге баулу қарастырылған. Ұлт мұрасының құндылықтарын меңгерудің мазмұны сан түрлі. Мазмұндық арнаны тұлғаның ұлттану характеріне байланысты сұрыптау - тұтас білім теориясының кіші құрамдарының ұтымды парадигмалары.

Қазір, тәуелсіздік алғанымызға аз ғана уақыт өткен тұста, педагогиканың бұрын зерттелмеген салаларын кеңірек айқындауға мүмкіндік туды. Соның бірі - Мұхтар Арынның **ұлттану** жайындағы педагогикалық мұрасы. Бұны ұлттану педагогикасын әдіснамалық тұрғыдан сипаттаған ғылыми еңбек деп түсінген дұрыс болар. Ұлттану объектілері тіл, дін, өнер, тарих, атамекен, дәстүр нысаналарын білім мазмұнының құрамды және өзекті бөлігі ретінде білімдендіруді ізгіліктендіру барысында қолдану. Қазіргі әлемдік білімдену кеңістігіндегі оқытудың ұлттық компоненттерінің сапалық көрсеткіштерін көбейту дегеніміз де осы деп түсіну қажет.

Ғалым ұлттану педагогикасының ғылыми теориясын салып, оның гносеологиялық алгоритм негіздерін айқындап, төмендегідей «диалектикалық байланысы бар» қағидаларын жіктеген:

1. Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты тіл. Тілдің ұлттық рухы.
2. ... дінде ұлттық рухты құраушы, соған белгілі бір мазмұн беруші, тәртіпке салушы күш бар.
3. Ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттардың бірі – **дәстүр**.
4. Өзін белгілі ұлттың өкілі деп санайтын адам сол ұлттың **тарихын** білуі тиіс.
5. ... ұлтқа тәндігін білдіретін адам ... **мекенді** толығымен, бүкіл ауқымында білуі керек [1].

Ұлттану объектілеріндегі адамға, сезімге қатысты ақпараттар тоғыны ұлттанудың теориялық және тарихилық маңызын түсінуге, оны ой елегінен саралауға жетелсітін танымды-когнитивтік әрекеттерге шақырады. Рухтандыру бар жерде оқушылар өзін-өзі тану секілді іс-әрекеттерін қолдайтыны айқын. Ұлт арасындағы жақсы мен жаман қылықтарды, ізгілік пен зұлымдықты, жасық пен қайраттылықты, шыдамсыздық пен төзімді-табандылықты тәрбиелеу және айқындау мәністері ХХІ ғасырдың білімдену кеңістігіндегі талаптарды орындаудың бастысы. Прагматикалық іс-әрекетте ғалым-педагог М.Арынның ізгілікті мұраттарды біртұтас үрдіс ретінде байланыстырып, ұлттану педагогикасының негізінде құрастырған ережелері ұрпақты тәрбиелеуге жана мүмкіндік туғызады.

Оны Мұхтар Арынның ұлттану педагогикасының концепциясы деген дұрыс болар. Мектепте оқытылатын білім теориясы мазмұнының толықтырылуы, ұлттану мәселелері мектепте оқыту құрамына кіргізілуі керек екенін айта отырып, оның нағыз қажетті құрал екендігін

басымдықта алуы - бүгінгі жаһандандыруға бет бұрған уақытта тәрбие мен білімденудің мазмұнына ұлттық компонентті басымдықта алу қажет деген ұстанымдар. Ұлттық тіл арқылы пәлсапалық, тарихи, техникалық, жаратылыстану ғылым негіздері мен адамгершілік қағидаларын танып білу - өзектілік. Тіл адамға ұлттық рухани нәрді маңызы бұзылмаған түрде жеткізе алатын құрал. Ғалымның "бес анығы", ондағы анықталынып, талдалынып берілген тіл мен дін, дәстүр, атамекен мен тарихтың тұлға тәрбиелеудегі үлесі жайындағы ұстанымдары - ұлттану педагогикасының мазмұнына қойылған шарттылықтар деуімізге болады. Әрі ғалым-лингвист, әрі ғалым-педагог М.Арынның түйінді ойлары педагогикалық арнаға құйылып, жинақталып, маңызды педагогикалық тұжырымдаманың негізін жасап отыр. Ана тілі арқылы білімнің қыры мен сырын жас ұрпақтың бойына дарыту, білімдендіру мен тәрбиелесуді ізгіліктендіру ататқан концепцияның басты мақсаты. Тілдің, діннің, дәстүрдің бітімі, жүйесі, өзіне тән маңызы мен мазмұны ұлттану педагогикасының негізі екенін ғалым нақты ажыратып берген. Қазақстан Республикасында қалыптасқан ұлттық мектеп моделі жанару үстінде болып жатқан уақытта Мұхтар Ғалиұлының ұлттану жайындағы пікірлері педагогика ілімінде өз орнын кең ауқымда алары сөзсіз.

«Ұлттық» және «ұлттану» деген аталымдар ұғымдық, мағыналық және мазмұндық жағынан біртектес түсінік емес [2]. Себебі, қай-қайсысының тұлға тәрбиелеуде негізделген проблемалары мен атқарар ісі болса да, олардың орындайтын қызметтері айрықша. Ұлттану туралы ғылымда арнайы теориялық ағымдарды, өнімді-өнімді бағыттарды айтатындай мүмкіншілігіміз шамалы. Ұлттану концепциясы совет дәуірінде қарастырылмаған мәселе. Сондықтан, «Бес анық» айдарымен ғалымның ұлттану траекториясында берілген білім мазмұны ізгіліктендіру мәселесімен шектеле ғана қоймай, көптеген мектептердің, білімдендіру «институттарының» ішкі құрамдық объектілерін тереңірек қарастыруға жол ашып отыр. Олай болса, ғалымның ұлттану педагогикасы қағидаларының білім берудің сала-саласына қосатын үлесі әлдеқайда көп. Ұлттану педагогикасы бір ұлттың мүддесін ғана жақтап қояды деп ұққан дұрыс емес. Мұхтар Арынның ұлттану жайындағы педагогикалық көзқарастары – ұлттану педагогикасының тұжырымдамасы.

Әлебиет:

1. Арин М. Бес анық. - Павлодар: ЭКО ГОФ, 2003.-220 б.
2. Панарин А.С. Искусшение глобализмом. - М.: Русский Национальный Фонд, 2000. – 383 с.
3. Хонг М. Причины успеха Сингапура. - М., 2000. - 272 с.